

Ақсу ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 11 тамыздағы "Ақсу ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" № 305 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 18 қаңтардағы № 4 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2016 жылы 19 ақпанда № 3735 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 22 маусымдағы № 297 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің 22.06.2016 № 297 қаулысымен.

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабына, "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 8) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес, Ақсу ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақсу ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 11 тамыздағы "Ақсу ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2015 жылдың 16 қыркүйегінде № 3426 тіркелген, "Ақсу өңірі" газетінде 2015 жылдың 25 желтоқсанында № 52 (9788) жарияланған) № 305 қаулысымен бекітілген "Ақсу ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесіне (бұдан әрі - Ереже) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген Ереженің 25-тармағының Бөлімнің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің тізбесіндегі 11), 15), 19), 20), 25), 28) тармақшалары жаңа редакцияда баяндалсын:

"11) Ақсу ауданы білім бөлімі "Бижарас Садырбайұлы атындағы орта мектебі , мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;"

"15) Ақсу ауданы білім бөлімі "Ш. Уалиханов атындағы негізгі орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;"

"19) Ақсу ауданының білім бөлімі "Нұрсұлтан Есеболатов атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен" ГЭС, Қызылқайын бастауыш мектептерін қосқанда коммуналдық мемлекеттік мекемесі;"

"20) "Ақсу ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Кұдаш Мұқашев атындағы негізгі орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен"

коммуналдық мемлекеттік мекемесі";

"25) Ақсу ауданының білім бөлімі "Алажиде негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі";

"28) Ақсу ауданының білім бөлімі "Мұхтар Әуезов атындағы негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі";

көрсетілген Ереженің 25-тармағының Бөлімнің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің тізбесіндегі 29) тармақшасы алынып тасталсын.

2. "Ақсу ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы Рамазанов Бегімбек Сейфилмәліковичке осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және аудан әкімдігінің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақсу ауданы әкімінің орынбасары Қорғанбаев Сәбит Бейсебековичке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақсу ауданының әкімі

Ә. Далбагаев